

FTAMP 17.07.29

<https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-09>

Ж.Ш. Саметова

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Алматы, Қазақстан

E-mail: zh.sametova@abaiuniversity.edu.kz

ORCID: 0000-0002-9481-4579

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҰҚСАСТЫҒЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ

Аңдатпа. Еліміз егемендік алғаннан кейін әлемдегі сандаған елдермен түрлі саладағы байланыстар жасалып, қазақ халқының тәуелсіздігі мойындалып, еліміздің ұстанған бағыт-бағдарлары айқындалды. Туысқан халықтардың жақындасуына қолайлы нәтижелерге қол жеткізілді. Бұл мәселеде түркі тілдес халықтардың бір-бірімен байланысы, достық пен ынтымақтастық қарым-қатынастардың орнығуына ғылым мен өнер барынша ықпал етуі тиіс. Балалар әдебиеті дегенде біздің ойымызға орта мектептегі әдебиет сабақтары еске түседі. Яғни балалардың әдебиеттің негізгі қайнар көзімен танысатын, танытын, білетін кезі әріп танып, өз бетімен шығарма оқуы осы мектеп кезінен бастау алады. Әдебиет оқулықтары жас жеткіншектерді өз халқының бай әдеби мұраларымен, атақты жазушылардың таңдаулы шығармаларымен таныстырады. Жастарды патриотизмге, адамгершілікке тәрбиелейтін, табиғат, қоғам танытатын материалдардың барлығы дерлік әдебиет сабағында беріледі. Сондықтан орта мектепке арналған оқулықтарда, хрестоматияларда туған әдебиетінің мол байлығы тиісті дәрежеде көрініс табуы тиіс. Мектеп оқулықтарында балаларға арналған шығармалардың берілуі шарт. Бұл зерттеу мақаламыздың мақсаты: түрік және қазақ орта мектеп оқулықтарында берілген балалар әдебиеті шығармаларының ұқсастығы мен айырмашылықтарын анықтау, қазақ және түрік әдебиеті оқулықтарындағы жазушылар санын анықтау, оқулықтарда берілген прозалық, поэзиялық шығармалардың көлемін айқындау, Қазақстанда түрік әдебиеті өкілдерінен кімдердің шығармалары оқытылатынын зерттеу, екі елге ортақ оқытуға міндетті ақын-жазушылар мен олардың әдеби шығармаларының тізімін ұсыну. Себебі түбі бір түркі халықтарының ортақ мұраларын білу, әсіресе қазіргі заманғы жазушыларын тану, болашақта мақсаты бір туыстас елдердің бірлігін нығайту жолында атқарылатын негізгі жұмыстардың бірі.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті «Жас ғалым» гранттық жобасының қаржысы есебінен жүзеге асырылды (AP15473235).

Кілт сөздер: балалар әдебиеті, түрік әдебиеті, қазақ әдебиеті, орта мектеп, ортақ мұралар.

Ж.Ш. Саметова

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

Алматы, Казахстан

E-mail: zh.sametova@abaiuniversity.edu.kz

ORCID: 0000-0002-9481-4579

Сходства и различия произведений казахской и турецкой детской литературы

Аннотация. После обретения страной суверенитета были налажены связи в различных сферах с многочисленными государствами мира, признана независимость казахского народа, определены направления, которым должна следовать наша страна. Достигнуты благоприятные результаты сближения родственных народов. В этом вопросе наука и искусство должны максимально способствовать установлению отношений дружбы и сотрудничества, связи тюркоязычных народов друг

с другом. Когда мы говорим о детской литературе, мы думаем об уроках литературы в средней школе. Особое место в эстетическом воспитании учащихся и воспитании их общего образования занимают учебники литературы. Практически все материалы, по которым воспитывают чувства патриотизма, нравственности молодежи, познанию явлений природы, развитию общества, постигают на уроках литературы. Поэтому в учебниках, хрестоматиях для средней школы на максимальном уровне должно отражаться неиссякаемое богатство родной литературы. В школьных учебниках обязательно должны быть представлены произведения для детей. Цель данной исследовательской статьи: выявить сходства и различия произведений детской литературы, представленных в учебниках турецкой и казахской средних школ, определение количества писателей в учебниках казахской и турецкой литературы, определение объема прозаических, поэтических произведений, сравнение сходств, тематических особенностей произведений, представленных в учебниках литературы двух народов, исследование произведения каких представителей тюркской литературы должны в Казахстане преподаваться, предоставление списка поэтов-писателей обеих стран и их литературных произведений, которые необходимо преподавать совместно в соответствии их учебным программам. Так как одной из приоритетных задач - знание общего наследия тюркских народов, особенно современных писателей, которые в будущем будут направлены на укрепление единства родственных стран.

Благодарности: Статья реализована за счет средств грантового проекта «Жас Галым» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (AP 15473235).

Ключевые слова: детская литература, тюркская литература, казахская литература, средняя школа, общее наследие.

Zh.Sh. Sametova

*Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

E-mail: zh.sametova@abaiuniversity.edu.kz

ORCID: 0000-0002-9481-4579

Similarities and differences between works of kazakh and turkish children's literature

Abstract. After the country gained sovereignty, contacts were established with many countries in the world in various fields, the independence of the Kazakh people was recognized, and the directions of our country were determined. Favorable results were achieved for the rapprochement of related peoples. In this matter, science and art should contribute as much as possible to the establishment of the ties between Turkic-speaking peoples, friendship and cooperation relations. When we talk about children's literature, we think of literature lessons in secondary school. That is, the time when children get acquainted with the main source of literature, recognize letters and read works on their own dates back to this school. Almost all materials that educate young people in patriotism, morality, nature and society are presented in Literature lessons. Therefore, textbooks and anthologies for secondary schools should adequately reflect the wealth of native literature. It is necessary to provide works for children in school textbooks. The purpose of this research article: to identify the similarities and differences between the works of children's literature presented in Turkish and Kazakh secondary school textbooks, determination of the number of writers in textbooks of Turkish and Kazakh literature, determination of the volume of prose and poetry works presented in textbooks, comparison of the similarities of works presented in literature textbooks of two peoples, their thematic features, study about whose works of Turkic literature representatives are taught in Kazakhstan, providing a list of poets and writers and their literary works that are required to be taught in common to two countries. Because knowledge of the shared heritage of the Turkic peoples, especially modern writers, is one of the main works to strengthen the unity of related countries with the same goal in the future.

Acknowledgments: The article was implemented at the expense of the grant project «Zhas Galym» of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (AP 15473235).

Keywords: children's literature, Turkish literature, Kazakh literature, secondary school, shared heritage.

1. Кіріспе

Халық даналығы «бала – бауыр етің» дейді. Баладан ыстық, баладан жақын, баладан тәтті ешнәрсе жоқ деуге болады. Сондықтан да халқымыз асыл ойын, тәтті қиялы мен ұшқыр арманын өлең, ән етіп, баласына арнаған. Жас нәрестенің дүниеге келуін ұлан асыр той қылып, қуаныш еткен. Баланы жұбату, ойнату, тәрбиелеу үдерісі оның алдына алуан түрлі тілек-мақсаттар қоя отырып өлең, жыр, көркем сөз айту арқылы жүзеге асқан. Кез-келген халықта бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінетіні секілді, балалар әдебиетіне де сол тәрбиенің құралы ретінде үлкен мән беріледі. Яғни баланың тұлғасы қалыптасуында әдебиеттің рөлі өте үлкен.

Кез-келген халық, ру, тайпа ұлт болу үшін оның басынан кешірген тарихы болады. Сол секілді түркі халықтарының да өзіндік тарихы бар. Зерттеуші Айнұр Ахметова өзінің халықаралық басылымда жарық көрген мақаласында қазақ мемлекеттілігінің тарихына тоқтала келіп, баланың үлкенге құрмет, кішіге ізет, бейбітшілік пен бірлікті сақтау сынды жалпы адамзаттық құндылықтары ел болып ұйысып отырудың негізгі шарттары екенін айтады (Ахметова, 2022: 87). Түркі халықтарының дүние жүзіне халық болып танылуы VI ғасыр ортасында басталды. Сол себепті де ежелгі дәуір әдебиеті VI-XV ғасырлар аралығын қамтиды деп жорамалдайды. Бұл ерте кездегі түрік, ру-тайпаларымен бірге жасалған ортақ әдебиеттің өзін 3 кезеңге бөліп қарастырамыз.

1. VI-IX ғасырдағы көне түркі әдебиеті ескерткіштері. Бұған Орхон жазба ескерткіштері яғни «Күлтегін», «Білге қаған», «Тонкөк» туралы құлпытастарға қашап жазылған жырлар, сондай-ақ, «Оғыз-наме» дастаны мен «Қорқыт ата кітабы», Әбу-Насыр Әл-Фарабидің әдебиет саласындағы еңбектері енеді.

2. X-XII ғасырдағы әдебиет. Бұл қараханид түріктерінің тілінде жазылған әдеби ескерткіштер. Ж. Баласағұнның «Құтты білік», М. Қашғаридің «Түркі тілінің сөздігі», А. Яссауидің «Даналық кітабы», А. Иүгінекидің «Ақиқат сыйы», С. Бақырғанидың «Хакім ата», «Жұбан ана», «Әулие Мария» туындылары X-XII ғасырда өмірге келген әдебиет нұсқалары.

3. XIII-XIV ғасыр әдебиеті. Бұл кезең Алтын Орда не Хорезм дәуірі деп аталады. Бұл дәуірдегі туындылар түркі әдеби тілінің шағатай, қыпшақ диалектісі негізінде жазылған. Олар: «Кодекс куманикус», Хорезмидің «Мұхаббат наме», Н. Рабғузидің «Қисса сул Әнбия», Дүрбектің «Жүсіп-Зылиха», С. Сарайдың «Гүлстан бит түрк», Құтыбтың «Хұсрау-Шырын дастандары. Сонымен қатар Х. Дулатидің «Тарихи Рашиди», Қ. Жалайыридың «Жамиғ ат тауарих», З. Бабырдың «Бабыр наме» шығармалары осы кезеңнің үлгілері.

Бұдан біз түбі бір түркі халықтарының тарихы ғана емес әдебиетінің де бастау көзі бір екенін көреміз. Енді мұның ішінде балалар әдебиетінің ортақ шығармалары, қазіргі балалар әдебиетіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды зерделеу осы мақалаға артылған жүк болмақ.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында қазақ және түрік балалар әдебиетінің ғылыми-теориялық материалдарын зерттеу, мектеп оқулықтарында берілген балалар

шығармаларын салыстыру, түрік тіліндегі балалар шығармаларын аудару, тиімді оқыту әдістерін анықтау сынды әдістер пайдаланылады.

2.2 Материалға сипаттама

Түркия Ғылым және білім Министрлігінің шешімімен 2005-2006 оқу жылынан бастап орта мектептің жоғарғы сатысы 3-жылдан 4-жылға ұзартылып, 9-сынып барлық бағыттарда ортақ сынып деп қабылданды. 10-сыныптан бастап оқушылар белгіленген бағыты бойынша оқиды. Орта мектептің жоғары сатысында оқушылар төрт түрлі бағытқа бөлініп оқиды. Бұлар: жаратылыстану-математика, гуманитарлық, түрікше математика және тіл бағыттары. Өнер және кәсіби-техникалық салада оқылатын лицейлерде бағытқа бөлу жұмысы жүргізілмейді. Он екі жылдық оқу жүйесі екі кезеңге бөлінеді. Біріншісі – бұрынғы үш жылдық бағдарламаны өзгертпей төрт жылда оқыту, екіншісі – пәндердің жаңа бағдарламаларын шығарып іске қосу болып табылады.

1-8 сынып аралығында түрік әдебиеті пәні дербес курс ретінде оқытылмайды. «Түркше» деп аталатын, негізінен түрік тілін оқытуға бағытталған пән оқытылды. Ал 9-12 сыныптарда «Түрік тілі мен әдебиеті» деген пән оқытылады. Бұл пән аптасына 6 сағат, оның ішінде 4 сағат Түрік әдебиеті, 2 сағат түрік тілі болады. Тиісінше балалар әдебиетке қатысты барлық теориялық материалдар мен көркем шығармаларды осы пәннің аясында үйренеді.

Ал Қазақстанда 2-11 сынып аралығында қазақ тілі жеке пән ретінде оқытылады. Ал әдебиет пәні 2-4 сыныптар аралығында «Әдебиеттік оқу» деген атпен, 5-11 сыныптарда «Қазақ әдебиеті» деген атаумен оқытылады. Яғни 1-сыныпта бала әріп танып, оқып үйренгеннен, мектеп бітіргенше әдебиет пәні толық сыныптарда оқылады.

Түркия орта мектептерінде әдебиет пәні 9-12 сыныптар аралығында өтеді. Аптасына 4 сағат әдебиет, 2 сағат түрік тілі сабағы болады. Оқулықтар Ұлттық білім министрлігі тарапынан дайындалады. Оқулықтар әр 5 жылға дайындалып жасалады. Қосымша толықтырулар мен түзетулер қажет болған жағдайда әр 5 жыл сайын өзгерту енгізіп отырады. Кез-келген сыныпқа арналған оқулықтың алғашқы бетінде Түркияны мемлекеттік әнұраны, одан кейін Мұстафа Кемал Ататүріктің түрік жастарына үндеуі мен суреті берілген. Бұл баланың патриоттық сезімін оятатын тиімді әдіс деп түсінуге болады.

9-сыныпқа арналған Түрік тілі мен әдебиеті оқулығының авторлары Merve Akyol, Şükran Karacan Sonduk, Aysun Taşkarı. 9-сынып оқулығында I тарау әдебиет дегеніміз не? деген тақырыптан бастап, оған жауап ретінде İsmail Çetişli, Gürsel Aytaç, Kemalettin Deniz, Şerif Aktaş сынды ғалымдардың еңбектерінен мәліметтер келтіреді. Қалған бөлімдердің әрқайсысы әдебиеттің әрбір санатына бөлінген. Мысалы, бір бөлімде хикаялар, екінші бөлімде өлеңдер, үшінші бөлімде романдар, одан кейінгі бөлімдерде драматургия, автобиографиялық шығармалар, күнделік және эпистолярлық хаттар берілген. Жалпы алғанда оқулықта оқылым дағдысына 5 өлең, 4 мысал, 4 хикая (әңгіме), 3 роман, 3 драмалық шығарма, 3 автобиографиялық шығарма берілген. Бұл шығармалардың ішінде тек түрік ақын-жазушыларының ғана емес, сонымен қатар әлемдік классикалық әдебиет өкілдері В. Гюго, А. Чехов, Н. Гоголь, М. Сервантес,

Ла Фонтен, Эзоп сынды әдебиетшілердің шығармалары берілген (Akyol, Karacan Sonduk ve Taşkarı, 2022: 51-250).

10-сынып оқулығының авторы – Safer Yıldırım. Бұл сыныпқа арналған оқулық та 9 бөлімнен тұрады. Бірақ бөлімдер ішінде 9-сыныптағы хикая, өлең, роман, театрдан бөлек, аңыз-әфсана, естеліктер, публицистика, саяхат жазбалары сынды тараулар бар. Теориялық бөлім әдебиет пен діннің байланысы, түрік әдебиетінің тарихи кезеңдері, түрік тілінің тарихи дамуы сынды тараушаларға бөлінген. Бізге қажеттісі әдеби шығармалар болғандықтар көз жүгірткенімізде оқулықта: 6 хикая, 15 өлең, 5 дастан, 4 роман, 4 пьеса берілгендігін көрдік. Бұл сыныпта көбіне түбі бір түркі жұртының ортақ мұралары – Қорқыт ата кітабы, Фирдауси, Ахмет Яссауи, Ахмет Йагүники, Махмұт Қашқари т.б. сынды ғұламалардың еңбектері берілген (Yıldırım, 2022: 6-227) .

11-сыныпта да оқулық 9 бөлімге бөлінген. Авторлары: Murat Tetik, Ali Asker Ova. 10-сыныптың ерекшелігі – оқулықта көркем әдебиеттен бөлек, мақала, сұқбаттар мен пікірлер, әдеби сын, әдеби сұқбат сынды жанрдағы шығармалар берілген. Кітапқа 5 хикая, 11 өлең, 5 роман, 4 пьеса кірген. Мұнда да түрік қаламгерлерінен бөлек Гетенің «Фауст», әзірбайжанның қазіргі әдебиет өкілі Bahtiyar Vaharzadenің шығармасы енген (Tetik ve Ova, 2022: 7-273) .

12-сынып әдебиетінің авторлары Gurbet Filazi, Sabiha Çuhadar, Döndü Karaca, Nurcan Bozbiyik, Murat Baycanlar. Оқулық 7 тарауға бөлінген. Басқа сыныптардағыдай кіріспеде әдебиет теориясына қатысты терминдер мен анықтамалар берілген. 2-бөлімде 9 хикая, 3-бөлімде 18 өлең, 4-бөлімде 6 романдан үзінді келтірілген. 5-ші театр бөлімінде 3 пьеса, 6-шы эссе бөлімінде 3 эссе, 7-бөлімде шешендік өнер түрлерімен таныса аласыз. 12-сынып әдебиетінде оқушылар қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматов пен америкалық жазушы Харпер Лидің романымен де таныса алады (Filazi, Çuhadar, Karaca, Bozbiyi ve Baycanlar, 2021: 7-277) .

Жалпы алғанда 9-12 сыныптар аралығында оқулықтарға 55 жазушы, 54 ақын мен 14 драматургтың еңбектері енгізілген. Яғни 4 жылдың ішінде білім алушы 110 нан аса қаламгердің шығармашылығымен танысып шығады.

3. Талқылау

Қазақстанда жоғарыда атап өткендей, 5-11 сыныптар аралығында «Қазақ әдебиеті» дербес пән ретінде оқытылады. Түркия мектептерінде жоғары сыныптарды талдап өткеніміздей, мақаланың көлеміне қарай, Қазақстан мектептерінің де 9-11 сынып оқулықтарына шолу жасап өтсек. Қазақстанда да Түркия мемлекетіндегідей жоғары сыныптар екі бағыт бойынша оқытылады. Олардың біріншісі – қоғамдық гуманитарлық бағыт, екіншісі – жаратылыстану-математикалық бағыт. Біздің зерттеуіміздегі қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 9-11 сыныптарда «Қазақ әдебиеті» аптасына 2 рет, жылдық 68 сағат өтіледі.

9-сынып оқулығының авторлары – Баян Керімбекова мен Жанерке Мұқанова. Оқулық 4 тарауға бөлінген. I бөлім «Атадан қалған асыл сөз» деп аталады. Мұнда Ислам әдебиетінің өкілі Жүсіп Баласағұнның шығармаларынан бастап, Майқы би, Мөңке би мен қазақтың басын қосқан үш бидің шешендік өнерлері берілген. II бөлім «Тарихи шындық пен көркемдік шешім» деп аталады. Мұнда Нысанбай жырау мен

Маханбет Өтемісұлының жырлары мен Шохан Уалихановтың саяхат күнделіктері берілген. III бөлім «Адам жанының құпиясы» деп аталған. Бұл бөлімде XX ғасырдағы әдебиет өкілдерінің 1 романы, 1 хикаяты, 1 поэмасы мен 2 өлеңі берілген. «Мәңгілік ел, мәңгілік мұрат» деп аталатын IV бөлімге қазіргі қазақ әдебиетінен 1 роман, 1 поэма енген (Керімбекова, Мұқанова, 2019: 5-251).

10-сынып бойынша авторлар Руда Зайкенова мен Лаура Нұрланова. Мұнда да оқулық 4 тарауға бөлінген. Оқулықта 8 өлең, 4 роман, 1 әңгіме, 1 пьеса бар. Және де қазақ қаламгерлерінен бөлек бауырлас қырғыз елінің әлемге әйгілі классигі Шыңғыс Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесті берілген. Кітапта 19 ғасырдың өкілі Абай Құнанбаевтан бастап, қазіргі заманғы ақын-жазушылардың шығармалары қамтылған (Зайкенов, Нұрланова, 2019: 6-156).

Авторлары Руда Зайкенова, Рахима Сакенова, Лаура Нұрланова болып табылатын 11-сынып оқулығы да 4 тарауға бөлінген. Мұнда шығармалар XX ғасырдан қазіргі заман әдебиетіне дейін қамтылған. Оқулықта 3 роман, 2 поэма, 1 әңгіме, 1 драмалық шығарма берілген. Бірақ мұнағы шығармалардың көлемі өте ауқымды. Олардың ішінде әлемнің 40тан астам тіліне аударылған Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы бар (Зайкенов, Сакенова және Нұрланова, 2020: 6-99).

Үш сынып бойынша барлығы 15 ақын мен 11 жазушы және 2 драматургтың шығармалары қамтылған. Оның ішінде ислам әдебиеті, ортақ түркі ескерткіштері мен әлем классиктерінің өкілдері бар. Түрік мектептерінде 4 жылда 100ден астам автормен танысса қазақ мектебінде 3 жылда бар-жоғы 28 автордың шығармасын оқып шығады екен. Есесіне оқушылар 2-8 сынып аралығында өтетін Әдебиет пәнінде 70 жазушы, 81 ақын, 18 шетелдік ақын-жазушы, жалпы саны 169 автордың шығармасымен таныс болады екен.

Жоғарыда атап өткеніміздей Қазақстанның білім беру бағдарламаларында түркі халықтарының әдебиеті аз көлемде болсын оқытылады. Түркі әдебиетін оқытуды екі деңгейге бөліп қарастырсақ: бірі жалпыға білім беретін орта мектепте, екіншісі жоғары оқу орындарында:

Жоғары оқу орындарында негізінен Филология мамандықтарында, оның ішінде Қазақ тілі мен әдебиеті, Түркітану, Қыпшақтану, Филология, Шығыстану мамандықтарында оқытылады. Бұл аталған мамандықтарда түркі халықтарының әдебиеті «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Түркі халықтарының әдебиеті», «Шығыс және түркі халықтарының әдебиеті» пәндері арқылы оқытылады.

Орта мектепте ескі түрік әдебиетінің түркі халықтарына ортақ мұралары «Алып Ер Тұңға», Әл Фарабидің «Қашықтасың туған жер», «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңдері (6 сынып), Орхон – Енисей ескерткіштері, «Күлтегін» жыры (7, 9 сынып), Қорқыт атаның «Байбөрі баласы Бамсы – Байрақ туралы жыры» мен нақыл сөздері, Ахмет Йассаuidің «Даналық кітабы» (8 сынып), Ж.Баласағұнның «Құтты білік» (9 сынып) сынды шығармалар мен қазіргі түркі халықтарының өкілдерінен қырғыз елінің көрнекті жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Ана – Жер Ана» (6 сынып), «Касандра таңбасы» (8 сынып), «Алғашқы ұстаз» (10 сынып) шығармалары мен авар ақыны Р.Ғамзатовтың «Ана тілі» өлеңі, «Менің Дағыстаным» әңгімесі (6 сынып) оқытылады.

Жалпы жоғары оқу орындарында болсын, орта мектепте болсын «Түркі халықтарының әдебиеті» бағдарламасының мақсаты – білім алушыларға тамырлас халықтар әдебиетінің әйгілі ақын-жазушылардың шығармашылығымен таныстыру. Бағдарлама шеңберінде оқушылардың, студенттердің түркі мұрасы жайында білімін кеңейтіп, мазмұнын тереңдете түсіп, білім алушылардың эстетикалық, адамгершілік, мейірімділік қасиеттерін молайту көзделген.

Қазақстан жоғары оқу орындарында ортақ түркі мұраларынан бөлек қазіргі түркі халықтарының ішінде түрік, әзірбайжан, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, ұйғыр, татар, башқұрт, түрікмен, тәжік ұлттарының әдебиеті оқытылады. Ең көп сағат бөлінген түрік әдебиеті, оның ішінде XV-XVII ғасырлардағы түрік әдебиетінің өкілдері: Челеби Хамдулла, Месехи, Махмуд Абдул Бакы. Ашугтар, Юнус Эмре, Қайғусыз Абдал, Пир Султан Абдал, Қараджоғлан, Ашық Омер, Дертли, Эрзурумдық Эмрих, Рухсати Мустафа, Ашуг Вейсель. Шинаси Эфенді, Мехмед Намық Кемал бей, Халид Зия. Назым Хикмет Ран, Әзиз Несиннің өмірі мен шығармалары кең таныстырылады. Аты аталған қаламгерлердің ішінде балалар әдебиетінің өкілдері аз болғандықтан біз өз кезегімізде екі ұлттық (түрік және қазақ) мектеп бағдарламаларында оқытылып жүрген жазушылардың шығармаларына шолу жасап, салыстыра зерттеуді мақсат еттік.

4. Нәтижелер

«Аспанда тәңірі, жерде түркі» болған бағзы күндердің өзіне үңілгенде тарих өз арнасынан асып-толып сан аунап, қилы іздерін қалдырды. «Түбі бір түркі халықтары» деген ұғымның шынайы мәні – түркі ұлттары бір бәйтеректің бұтақтары деген ұғымды білдіреді. Біздің ата-тегіміз біреу, бір атаның баласымыз деген сөз.

1074 жылы жазылған «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінің «Түрк халықтары мен тайпалары жайында» тарауында Махмұт Қашқари: «Түрктер тегінен 20 тайпалы. Олар барлығы Тәңірі әзіз көрген Нұқ пайғамбардың ұлы Иафас және Иафастың ұлы Түркке барып тіреледі... Әрбір түрк тайпасының қаншама ұрық-шәріптері бар, олардың саны ұлы Тәңірінің бір өзіне мағлұм. Мен бұлардың тұптамырлары мен ана тараптарын жаздым. Ру-аймақтарын тастадым...Мұсылман болсын, болмасын мейлі» (Қашқари, 1993: 75), – дейді.

Шәкерім Құдайбердіұлы да осы тектік шежірені қайталап: «Жоғарғы әр түрлі шежіре кітаптардың сөзінен біздің қазақ Нұх пайғамбардың Яфас деген баласының нәсілінен, қытайша Тукю – біздің тілде түрік аталған халықтан екені анық болды» (Құдайбердіұлы, 2008: 159) дегенді айтқан.

Демек, қатпарлы қалың тарихтың астарына үңілгенде немесе әдебиеті мен мәдениеті, тұрмыс-салты мен тіршілігі жағынан қарағанда, көк түріктердің көне жұртында отырған Тәуелсіз Қазақстан мен Түрік әдебиетінің ұқсастықтары табылатыны сөзсіз.

Алғашқы салыстырмалы талдауымызды Түрік тілі мен әдебиеті оқулығының 12-сыныбында берілген Оғуз Атайдың «Теміржол хикаяшылары – Түс» (Oğuz ATAÜ «Demiryolu Hikâyesileri-Bir Rûya») деп аталатын әңгімесі мен қазіргі қазақ балалар әдебиетінің өкілі Әлібек Байболдың «Теміржол вокзалы» әңгімесі туралы болмақ. Бұл екі шығарманы кездейсоқ салыстырып отырған жоқпыз. Біріншіден екі шығарма

да жас оқырмандарға арналып жазылған. Оғуз Атайдың шығармасы орта мектептің оқулығына енген болса, Әлібек Байболдың шығармасының эпиграфына «Баланың көргені мен түйгені үлкен адамдардан ерекшеленеді. Себебі кішкентай бала балалық шағын ешқашан ұмытпайды» деген Марк Твеннің сөзінен шығарманың балаларға арналғанын бірден аңғаруға болады. Екіншіден, шығарманың басты кейіпкерлері «Теміржол хикаяшыларындағы» жазушы теміржол станциясында тұрса, «Теміржол вокзалындағы» Сәкен анасы екеуі де «қуықтай тар бөлмелі, тас еденді, тас қабырғалы, кішкене сыз тартатын, теміржол жұмысшыларының үйінде тұрады» (Байбол, 2012: 4). Үшіншіден, екі кейіпкердің де прототиптері қаламгердің өздері болып табылады. Оны Сәкен мен жазушының туған жерлерінің айнымай суреттелуінен аңғарсақ, «Теміржолшылар...» шын мәнінде Оғыз Атайдың бір кезде көрген арманы, түсі. Романның басты кейіпкері – темір жол бойындағы саятшылықта тұрып, жолаушыларға әңгіме жазатын жазушы (Ecevit, 2004: 465) – деген Йылдыз Еджевиттің пікірінен оқи аламыз. Төртіншіден, шығармалардың атауындағы ұқсастықтан бөлек, «Теміржол вокзалында» қазіргі заман келбеті, алуан тағдырлар арпалысы, адам мен қоғам арақатынасындағы қайшылықтар суреттелсе, «Теміржол хикаяшылары» екі негізгі ойды білдіреді – автордың жалғыздығы және шығармашылықтың материалдық дүниемен қақтығысы. Бір қызығы шығармалардың бірі ХХ ғасырдың, ал екіншісі ХХІ ғасырдың туындары, сонымен қатар «Теміржол хикаяшылары – Түс» Оғуз Атайдың 1976 жылы жазып, 1977 жылы аяқтаған, Лондонда емделіп жатқанда жазған соңғы шығармасы болса, «Теміржол вокзалында» Әлібек Байболдың ең алғашқы тырнақалды туындысы.

Келесі кезекте түрік-қазақ балалар ақындарын салыстыра талдап көрейік. Түрік балалар әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі, балаларға арналған 60тан астам кітаптың авторы Ялвач Орал (Yalvaç Ural) мен қазақ балалар ақыны, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұзафар Әлімбаев шығармашылығына тоқталсақ. Екі ақын да ХІХ ғасырдың аяғында дүниеге келген. Екі ғасыр тоғысында, екі ғасырдың балалары сусындап ішедей мол мұра қалдырған. М.Әлімбаев бүкіл қазақ балаларына таныс «Балдырған» журналын өз қолымен құрып, 25 жыл бас редактор қызметін атқарса, Ялвач Орал да 23 жылда 25 балалар журналының шығуына мұрындық болған. Екі қаламгер де тек балалар ақыны емес, сонымен қатар прозашы, аудармашы. Мұзафар Әлімбаевтың өлеңдері 38 тілге аударылса, Ялвач Оралдың шығармалары шетелдерде, әсіресе Германияда бестселлер кітаптардың бірі. Нидерландыда Оралдың шығармасы бойынша мультфильмдер түсірілсе, Македонияда «Музыканы сататын балалар» кітабы қосымша оқу құралы ретінде пайдаланылады (Otmaz, Erdem, 2019: 11).

Аталмыш екі ақын да балалар қызығушылығын оятатын кез-келген тақырыпта өлеңдері бар деуге болады. Әсіресе жан-жануарларға қатысты, табиғат құбылыстарына байланысты танымдық, дидактикалық өлеңдері жетерлік. Мысалы, бала қиялына түсініксіз кәдімгі табиғи соғатын «желді» былай түсіндіреді. Ялвач Орал:

Tombul rüzgar esince,
El sallar çamaşırлар.
Saçılır her bir yana
İnce dallar, yapraklar.

küçük maviş şaşırır
Bakınır çevresi (Yalvaç, 1978: 15), – деп келтірсе,
Мұзафар Әлімбаев:

Жел деген не?

(Айт деп інім жалынды).

- Жел де – ауа кәдімгі

(Айтқаныма нана ғой),

Жел дегенің, тек бірақ

Ойға – қырға шапқылап,

Байыз тапмас ауа ғой (Әлімбаев, 1997: 211), – деп жырлайды.

Екі ақынның «Балық» туралы өлеңдерін салыстырып көрейік. Бала түсінігіне әрбір тіршілік иесін әртүрлі жолмен түсіндіруге тырысқан. Мұзафар ақын балықтың дыбыс шығара алмайтынын кішкентай балапандарға «Балық неге ән салмайды?» өлеңі арқылы төмендегідей көрсеткен:

- Балық неге ән салмайды?

Әнге неге тамсанбайды?

- Көңілі хош емес,

Аузы бос емес.

Болса да көкірегі жырға толы,

Аузы да, құлағы да суға толы... (Әлімбаев, 1997: 225)

Ал Ялвач Орал ақын балықты адам ас ретінде тұтынатындығын, оны қалай аулайтынын балаға қарапайым жолмен ұғындыруға тырысады:

Balıkçı

Balıklar ögümceklere çok

Ama çok kızıyorlar

Çünkü insanlar

Ağ ile balık tutmasını

Onlardan öğrendi diyorlar (Yalvaç, 1978: 19).

5-6 жолдық шағын ғана өлеңдер, алайда айтары көп, түсіндірмесі ғажайып бір шығармалар дерсіз. Екі ақынның да бала тіліне жатық, оңай әрі жеңіл жатталатын, түсінуге, түсіндіруге өте ыңғайлы жазғандарынан шеберліктерін көруімізге болады. Балаларға арналған өлеңнің өлшемі ересектер әдебиетінің өлшемінен әлдеқайда күрделі болып саналады. Өйткені, балалар поэзиясында тек поэтикалық талап-шарттар ғана емес, педагогикалық һәм психологиялық заңдылықтар да ескерілуге тиіс (Худайбергенов, 2023: 175).

Түрік-қазақ балалар жазушыларының қазіргі өкілдерінің шығармаларынан да ұқсас тақырыптар кездестіруімізге болады. Мысалы, 2 жастан 15 жас аралығындағы балаларға 100-ден астам кітап жазған Айтүл Ақал балаларға оқу әдетін қалыптастыруға және олардың мәдениетінің дамуына үлес қосуға тырысып жүрген танымал жазушы. Оның бірнеше әңгімелерін Нидерландыдағы Тилбург университеті шетелде тұратын түрік балаларының ана тілін дамыту жобасы аясында жариялаған. Осы жазушының «Çikolata Çocuk» атты әңгімесі қазақ балалар жазушысы Рүстем Сауытбайдың «Шоко әлем» роман-фентезиимен тақырыптас.

Айтүл Ақалдың «Çikolata Çocuk» шығармасында кішкентай бала, кез-келген бала сияқты, шоколадты өте жақсы көретіндігі, алайда, кейбіреулер бұл шоколадқа деген үлкен тәбетіне байланысты қиындықтарға тап болатындығы жайлы жазылса, «Шоко әлем. Ғажайып тас» деп аталатын 3-томда (кітап негізінен 4 томнан тұрады) арқуандар мен карсуандардың арасында нағыз шайқас басталады. Қара күш иесі Истискал одан әрі күшейіп мақсатына жетуді ойлайды. Нуа Дегдар ғажайып тастың күшін зерттеп көрмекші болады. Арқалық қаласының тұрғындары Элия мен Райл бұл жолы көмегін аямайды. Алғашқы екі кітап 25 тарудан тұрған болса, үшінші кітап көлемі 400 бет болғанымен ірі-ірі 3 тарауға ғана бөлінген. 4-кітап «Шоко әлем. Алоэна құпиясы» деп аталады. Бұл кітаптың да көлемі 416 бетті құрағанымен 4 қана тарауға бөлінген. Қарапайым ғана отбасынан шыққан Элия мен Райл арқуа мектебінде ары қарай деңгейлерін арттыруды жалғастырады. Бірақ Райлға күтпеген жерден алыс сапарға шығуға тура келеді. Ащы жақты таңдаған Ертуан болса оқиғалар желісіне ықпал ете бастайды. Төртінші кітапта да бұларды көптеген шайқастар мен оқиғалар күтіп тұрады.

Қанша ұқсастық іздегенімізбен әр халықтың өзіне тән дүниетанымы, қоршаған ортасы, қазіргі мәдениеті мен салтына байланысты өзгеше тақырыптары да жоқ емес. Айталық түрік ақын-жазушыларының шығармаларынан теңіз, су, балық, балықшы тақырыптары көп айтылса, қазақ балалар қаламгерлерінен төрт түлік мал, жыл мезгілдері туралы тақырыптағы шығармалар жиі кездеседі. Мысалы, түрік ақындарының өлеңдерінен «Қыс» туралы шығармаларды кездестіру қиын болса, қазақ қаламгерлерінің еңбектерінде «Теңіз» тақырыбындағы шығармалар жоқтың қасы.

5 Қорытынды

Түрік және қазақ қаламгерлері шығармаларындағы рухани үндестікті, әр тақырып бойынша олардың ұлттық, түрікшілдік, тұраншылдық, тіл, жер, ата-анаға, бауырға деген махаббат лирикасындағы сабақтастықтың мысалдарын көптеп келтіруге болады. Тіпті түрік пен қазақ елінің білім беру бағдарламаларының өзінде ұқсастықтың бар екенін оқулықтарды талдау барсында байқадық. Мәселен, Эзоп пен Крыловтың мысалдары түрік әдебиетінің де, қазақ әдебиетінің де оқулықтарында берілген. Сонымен қатар әлемдік классикалық шығармалардан (В. Гюго, А. Чехов, Н. Гоголь, М. Сервантес, Ла Фонтен) бөлек аталас қырғыз халқының ұлы жазушысы Шыңғыс Айтматовтың да романдары екі елдің орта мектеп бағдарламасында барын байқадық. Қазір қазақстандық жас ақын-жазушылар түркі әлемінің, оның ішінде түрік әдебиетінің даму қарқынына қызығушылық тудыратынын байқап жүрміз. Солардың бірі жас балалар ақыны Айбол Абашов. Оның 2022 жылы жарық көрген «Аң патшасы – арыстан» атты жинағының ерекшелігі, кітапта берілген өлеңінің бауырлас түрік, қырғыз, өзбек халықтары тілдеріндегі аудармалары қоса ұсынылған. Бұл дегеніңіз бала әріп танып, тақпақ жаттағаннан бастап бауырлас елдердің бар екендігін біле жүреді, бір сөз болса да олардың тілінде бірдеңе айта алатын болады. Осы үрдіс жалғасын тапса, мектеп бағдарламаларына Шыңғыс Айтматовтан да басқа екі ел бір-бірінің ақын-жазушыларын енгізсе деген ұсыныс бар. Мәселен Эзоп пен Крылов мысалдарының орнында қазақтың ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының

мысалдары болса, тұңғыш ағартушы Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған өлеңдері болса нұр үстіне нұр болар еді. Қазақстандық орта мектептерде де 23 жылда 25 балалар журналының шығуына мұрындық болған Ялвач Оралдың шығармаларын, өмірінде 150 ден астам кітап жазып олардың 100ге жуығын балаларға арнаған юморист жазушы Музафер Изгүнің (Muzaffer İzgü) шығармаларын неге танытпасқа.

Тәуелсіздігін алғалы 30 жылдан асса да Қазақстан мектептерінде «Орыс тілі мен әдебиеті» пәні оқытылады. 2027 жылдан бастап «Орыс әдебиетінің» орнына «Әлем әдебиеті» пәнін енгізу жоспарланған. Міне осы тұста біз өз кезегімізде түркі халықтарының, оның ішінде түрік елінің белгілі балалар қаламгерлерінің біраз шығармаларын ұсынбақпыз. Бұл да түркі халықтардың түбі бір екендігін келешек ұрпаққа ұғындырар жол деп білеміз.

Әдебиеттер

1. Akyol M., Karacan Sonduk Ş., Taşkapi A. (2022) Türk dili ve edebiyatı. 9 sınıv. – Ankara: Ölün Yayınları. – 250 p.
2. Akhmetova A. (2022) “Tursinhan Zakenoğlu’nun Mangitas (Bengütaş) Romanındaki “Mangilik El” (Ebedî Ülke) Kavramının Sanatsal Sunumu.” bilig, no. 100, pp. 77-97. <https://doi.org/10.12995/bilig.10004>
3. Әлімбаев М. Таңдамалы: 2 томдық. – Алматы: Жазушы, 1997. – 367 б.
4. Байбол Ә. Теміржол вокзалы. – Алматы: Жалын, 2012. – 320 б.
5. Ecevit Y. Ben Buradayım: Oğuz Atay’ın Biyografik ve Kurmaca Dünyası. – İstanbul: İletişim Yayınları, 2004. – 465 p.
6. Зайкенова Р., Нұрланова Л. Қазақ әдебиеті. 10-сынып. – Алматы: Арман-ПВ, 2019. – 156.
7. Зайкенова Р., Сакенова Р., Нұрланова Л. Қазақ әдебиеті. 11-сынып. – Алматы: Арман-ПВ, 2020. – 99 б.
8. Yıldırım C. (2022) Türk dili ve edebiyatı. 10 sınıv. – Ankara: Korza Yayıncılık Basım San. ve Tic. A.Ş., – 227 p.
9. Yalvaç U. (1978) Sincap. – İstanbul: Milliyet Yayınları. – 154 s.
10. Керімбекова Б., Мұқанова Ж. Қазақ әдебиеті. 9-сынып. – Алматы: Мектеп, 2019. – 251 б.
11. Қашқари М. Дивани лугат т-тюрк. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 178 б.
12. Ш. Құдайбердіұлы; [құраст.: М. Жармұхамедұлы, Б. Атығай, М. Ахат [ж.б.]. – Алматы: Елшежіре, 2008. – 479 б.
13. Otmar, Ö. & Erdem, A. (2019) «Yalvaç Ural’ın çocuk edebiyatı eserlerinde hayvan sevgisi değeri». Değerler Eğitimi Dergisi. – 17 (37), pp.7-34
14. Tetik M., Ova A. (2022) Türk dili ve edebiyatı. 11 sınıv. – Ankara: Gezegen Yayıncılık. – 273 p.
15. Filazi G., Çuhadar S., Karaca D., Bozbiyik N., Baycanlar M. (2021) Türk dili ve edebiyatı. 12 sınıv. – Ankara: Devlet Kitapları. – 277 p.
16. Худайбердиев Н. Қазіргі балалар поэзиясындағы көркемдік ізденістер (А. Асылбек шығармаларының негізінде). «Керуен» ғылыми журналы, 79(2), 2023. 164–176 бб. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.2-13>

References

1. Akyol M., Karacan Sonduk Ş., Tashkapi A. (2022) Turkish language and literature. 9th grade. – Ankara: Ölün Publications. – 250 p. (in Turkish).
2. Akhmetova A. (2022) «Artistic Presentation of the Concept of “Mangilik El” (Eternal Country) in Tursinhan Zakenoğlu’s Novel Mangitas (Bengütaş)» bilig, no. 100, pp. 77-97. <https://doi.org/10.12995/bilig.10004> (in Turkish).
3. Alimbayev M. (1997) Favorites: in 2 volumes. – Almaty: Zhazushy. – 367 p. (in Kaz).
4. Baibol A. (2012) Village railway station. – Almaty: Zhalyn. – 320 p. (in Kaz).

5. Ecevit Y. (2004) *I am Here: The Biographical and Fictional World of Oguz Atay*. – Istanbul: İletişim Yayınları. – 465 p. (in Turkish).
6. Filazi G., Chuhadar S., Karaca D., Bozbiyik N., Baycanlar M. (2021) *Turkish language and literature. 12th grade*. – Ankara: Devlet Kitapları. – 277 p. (in Turkish).
7. Kerimbekova B., Mukanova Zh. (2019) *Kazakh literature. 9th grade*. – Almaty: school. – 251 p. (in Kaz).
8. Kashkari M. (1993) *Divani lugat t-tyurk*. – Almaty: native language. – 178 p. (in Kaz).
9. Kudaiberdiuly Sh. (2008) [compiled by: M. Zharmukhameduly, B. Atygai, M. Akhat]. – Almaty: El-shezhire. – 479 p. (in Kaz).
10. Khudaibergenov N. (2023) *Artistic research in modern kazakh children's poetry (Based on the works of A. Asylbek): The Scientific Journal «Keruen», 79(2), pp. 164–176. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.2-13>* (in Kaz).
11. Otmar O., Erdem, A. (2019) «The value of animal love in Yalvaç Ural's works of children's literature». *Journal Of «Değerler Eğitimi»*. – 17 (37), 7-34p. (in Turkish).
12. Tetik M., Ova A. (2022) *Turkish language and literature. 11th grade*. – Ankara: Gezegen Yayıncılık. – 273 p. (in Turkish).
13. Yalvaç U. (1978) *Squirrel*. – Istanbul: Milliyet Yayınları. – 154 p. (in Turkish).
14. Yıldırım C. (2022) *Turkish language and literature. 10th grade*. – Ankara: Korza Yayıncılık Basım San. ve Tic. A.Ş., – 227 p. (in Turkish).
15. Zaykenova R., Nurlanova L. (2019) *Kazakh literature. 10th grade*. – Almaty: Arman-PV. – 156 p. (in Kaz).
16. Zaykenova R., Sakenova R., Nurlanova L. (2020) *Kazakh literature. 11th grade*. – Almaty: Arman-PV. – 99 p. (in Kaz).